


ҚҰЛСАРЫ

ОБЛЫСАРАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 24 (629)
ЖҰМА
10 маусым
2016 жыл



2004 жылдың 22 наурызынан шыға бастады.

e-mail:sisenberdiev@mail.ru

Елбасы 9 маусым қаралы күн десе де, депутаттар мәжілісті туған күнмен



Мәжіліс депутаттары Ақтөбедегі жағдайды естімеген немесе естісе де, трагедиялық оқиғаларды еш сезінбеген сияқты. Өйткені, олар пленарлық отырысты туған күн иелерін құттықтаудан бастады.

Бұл туралы 31 арна хабарлайды.

Теракт мәселесі күн тәртібінде айтылған жоқ, бір минут үнсіздік болмады.

“Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын. Құрметті әріптестер! 6 маусымда депутат Қарекен Құралай Әнуарқызының туған күні болды!”, – деді мәжіліс спикері Бақтықожа Ізмұхамбетов.

Дүйсенбіде үкімет сағатында жиналып, Ақтөбедегі жағдай туралы тіс жармай, 1 минут үнсіздікті қимаған депутаттар бүгінгі отырыста да ештеңе айтпады. Бәрі үнсіз. Туған күндерімен құттықтап, мәре-сәре болған соң күн тәртібі бойынша жұмыстарын бастап кетті. 2015 жылғы бюджеттің атқарылуы мәселесі қаралып біткен соң үкімет өкілдері мен депутаттардың пікірін дәлізде ғана білу мүмкін болды.

“Осы оқиғаға байланысты азаматтарды, қанішерлер ғой былай алып келген кезде, солардың бәрін қазір тығылып жатқан жерлерінен тауып, жою мәселесі жүріп жатыр”, – деді премьердің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев.

“Жалпы мұндай жерде мемлекет тарапынан мұндай тентек, қанқұйлы, терроршыларға қатты жаза керек деп ойлаймын”, – деді депутат Бекболат Тілеухан.

Дін атын жамылғандардың қаскөйлігін сынаған Бекболат Тілеуханнан бүгінгі отырыста Ақтөбедегі жағдайдың елеусіз қалғаны жайлы да сұралды.

– Бүгін мәжілісте құттықтаумен басталды. Бірақ Ақтөбе жайлы 1 ауыз айтылған жоқ...

– Енді қоғам бұған тиісті реакция беріп жатқанын көріп отырсыздар ғой, жігіттер.

Ал депутат Мәулен Әшімбаев барлық әріптестері жекелей көңіл айтып жатыр деп ақталды. Содан соң, 2011 жылы елді дүрліктірген облыста лаңкестіктің қайталануы жаңа шаралар қабылдауға итермелейді деді. Өйткені, Таяу шығыста қысым көрген экстремистер жан-жаққа бас сауғалап жатыр екен.

“Жақын шығыстан контртеррористік операцияның негізінде біраз террористік топтардың өкілдері жақын шығыстағы елдерден тіп, басқа мемлекеттерге өздерінің қылмыстық әрекеттерін ауыстыру туралы әрекеттер жасайтын сияқты. Осыған байланысты біз осы саладағы заңдарды тағы да бір сараптаймыз деген жоспарымыз бар”, – деді Мәулен Әшімбаев.

Депутат айтқан заң 2011 жылғы бірнеше терактіден соң қолға алынған еді. Сол кездегі өзгертулер негізінде діни бірлестіктерді реттеу жүзеге асырылған болатын. Сондай-ақ, күштік құрылымдардың лаңкестікпен күресу құзыреті де кеңейтілген-ді. Алайда теолог Досай Кенжетай ең алдымен идеологиялық тұрғыдан алдын алып, жат ағымдарға шектеу қою керек дейді.

“Сәлафизм, вахабизм, кез келген -измнің түбіне балта шабу керек құқықтық тұрғыдан. Бірінші мына жерде жүре алмайтындығын егер санасына сіңсе олардың, тыйым салынған болса, психологиялық тұрғыдан аптығы басылады. Оның аптығының басылғанының өзі жетіп жатыр. Қалғанын өзі реттеп алады қазақ”, – дейді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының профессоры Досай Кенжетай.

Ғалым мұндай батыл қадамдарға бармасақ, Ақтөбедегі жағдай жалғасын табуы мүмкін деп пайымдайды. Және сырттағы лаңкестік ұйымдардың әсері аз деп есептейді. Өйткені, осыдан 10-15 жыл бұрын Қазақстанға енген жат ағымдар, қазір өзіндік тұжырымдамасы бар күшке айналып үлгерді деп отыр.

Дерек көзі: 31 канал qazaquni.kz

АҚТӨБЕ ОҚИҒАСЫ: БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗДАН КЕТКЕН ҚАТЕ КЕМШІЛІКТЕРДЕН ДЕП БІЛЕМІН – МҰХТАР ҚҰЛ-МҰХАМЕД

Ақтөбеге шұғыл іссапармен келген «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары имамдармен кездесуінде елбасының барлық парызды орындаған нағыз мұсылман екенін атады.



Бұл туралы аймақтағы NUR.KZ тілшісі хабарлайды.

«Президентіміз мұсылмандық парызын түгелімен орындаған адам. Меккеге де, Мединеге де барған. Әл Харамның қақпасын жылына бір рет ашқызып кіріп, мұсылмандық парызын орындаған кісі. Құранды да біледі. Өз ата-бабасының басына барған кезде имамның айтқанына жүгініп отырмай, соңында өзі қалып фатиханы да, ықыласты да, яшинді де оқығанын мен өз көзіммен көрдім», – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Елбасының атынан елдегі жағдайды бақылап, қаза болғандарға көңіл айтуға келген Мұхтар Абрарұлы азалы үйден еңсесі езіліп шыққанын айтып берді.

«Қасіретті оқиғалардың орын алуы біздің сай-сүйегімізді сырқыратып отыр. Қаншама бала жетім қалды. Жаңа ғана күйеуінен айрылып, аңырап жылап отырған әйелді көрген кезде Бердекең екеуіміз кірерге жер таппадық. Дәл өзіміздің бауырымыз соларды өлтіріп кеткендей қайта-қайта кешірім сұрап, жұбату сөзін айттық. Он жасар баласы әкесін іздеп жылаған кезде сай-сүйегіміз сырқырады. Шынын айту керек, қара жердің асты болса, соған кіріп кете жаздадық», – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Елдегі толқуды дер кезінде зерттей алмаған құқық қорғау қызметкерлерінің де кінәсі барын айтты.

«Қасиетті Рамазан күнінде қасіретті оқиғаға жиналып отыруымыздың

өзі біздің жұмысымыздан кеткен қате кемшіліктерден деп білемін. Адамды кінәлау оңай. Ал енді осыған кім кінәлі дейтін болсақ, қанішерлердің әрекетін дер кезінде зерттей алмаған, болжай алмаған, ауыздықтай алмаған құқық қорғау орындарының

да кінәсі бар шығар. Тәрбиеміз жетпеген, айтар сөзіміз өтпеген, дәйегіміз жетпеген болуы да мүмкін», – деді ол.

«Мен болып жатқан оқиғаға сіздер мен біздер кінәлі дегенде тікелей мағынасында түсінбеңіздер, оның ішінде мен де кінәлімін. Облыстың әкімі де кінәлі деген сөз, жергілікті жерде сөзі өтпеген билік те кінәлі. Себебі. біреуді кінәлі деп көрсете салу оңай. Кінәні адам өзінен іздеу керек», – дейді билік партиясының өкілі.

«Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары әкесін іздеп жылаған баланың көрінісі көз алдынан кетпей отырғанын имамдармен кездесу соңында қайтара айтты.

«Мен сондай жолға түскен адамдардың біразымен сөйлестім. Қазақша айтқан кезде, әліпті таяқ деп білмейтін адамдар. Шала сауатты діндарлардан білім алғандарды кім жеңеді? Білімі, ақылы асқан адам жеңеді. Теріс жолға түсіп кеткен адамдардың барлығын тәрбиелеуге болады. Тәрбиеге көнбейтін адам болмайды, тәрбиелей алмайтын адам болуы мүмкін. Бауырларым, мен кішкене ашыныңқырап айтып отырған шығармын. Қазасы бар үйден шыққан кезде жердің үстімен барып, астымен шықтық. Әлі күнге дейін баланың жылағаны көз алдыма келгенде жанымды қоярға жер таба алмай отырмын», – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Дерек көзі: NUR.KZ qazaquni.kz

Теңізбай мен Гүлжанаттың отау көтеруі-ағайын-туманың ортақ тойы, зор қуанышы. Ауылға бір шаңырақ қосылып, ән-күй әлдиіне бөленген шақта жас жұбайларға ұзақ ғұмыр, мол бақ-береке тілейміз. Ата-бабаның ақ жолы абыройға жетелеп, шуағын төге берсін.

Арайланып ауыл-үйдің аумағы, Жүректерден ән менен күй саулады.

Ақ тілектер ақтарылып, гүл толып,

Көптен күткен шаттық оты лаулады.

Біреуге іні, ал біреуге ағасың, Еңбек етсең-бар бақытты табасың.



Тату-тәтті ғұмыр берсін Жаратқан,
Махаббаттың шамын мәңгі жағасың.
Қан-сөліміз, мақсатымыз жымдасқан,
Аман болсын жас жұбайлар қырды асқан.
Бегімбеттің той-думаны көп болсын,
Теңіздей боп шалқи берсін жыр-дастан.
Әбдіхалық-Қайша



ЖАҢАЛЫҚҚА ЖАНЫ ҚҰШТАР

• **Лебіз**



Әлімберді Нәріков

Жүрегі жайсаң, ары таза азаматтардың арамызда жүргені қандай ғажап! Солардың бірі №10 мектептің тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі Әлімберді Нәріков десек дәл айтқанымыз. Өзінің өмірлік ұстанымын өзгертпейтін оның қай салада жұмыс жасамасын турашылдығы, тиянақтылығы, адамдармен тіл табысуы байқалып тұрады. Талай шәкірттердің бойына білім нәрін сіңірді. Ол баланы өзіне тарта біледі, оқушының білімге, мәдениетке деген қызығушылығын әрдайым арттыра түседі. Ешкімге жалтақтамай, біреуден көргенін қайталамай, ұстаздық қызметте өзінің айшықты жолын салып келеді.

Еркін шығармашылық жұмыс адамды тәрбиелейді, дұрыс шешім қабылдауға жетелейді-дейді тәжірибелі ұстаз. Биылғы жылдың өзінде бірнеше аудандық, облыстық шараларға қатынасты. «Заман талабы: білім берудегі инновациялар және тәжірибе» тақырыбындағы аудандық педагогикалық оқулардан 1 орын

алды. Осы атаумен өткен облыстық педагогикалық оқуда «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Аудандық «Үздік ашық сабақта», Ә.Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты өткен аудандық шығармашылық байқауда 2 және 3 орындарды жеңіп алды. Сол сияқты «Жастар арасындағы терроризм мен экстремизм идеологиясының таралуын болдырмаудағы біліктілік арттыру жүйесінің рөлі» деген тақырыптағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатынасып, баяндама жасады. Баяндама арнайы кітапқа енгізілді. Бұдан басқа да жетістіктері көп.

Мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымы ұжымның қолдауымен Әлімбердіге осы оқу жылының қорытындысы бойынша «Жыл мұғалімі – 2016» атағын берді. Бұл әрине, ұлағатты ұстаздың шынайы жетістігі. Ол қоғамдық негізде де бірнеше істерді атқарып жүр. Соның бір айғағы, биыл ауыл белсенділері және үлкен сыйлы ақсақалдардың ұсынысымен оның селолық округ бойынша медиатор болып тағайындалуы. Ел тыныштығы мен бірлігі, тәрбие – тәлім туралы тек қана білімді, өзі тәрбиелі азамат қана айта алса керек. «Азаматын көріп – ауылын таны» -дейді халық даналығында. Ендеше, осындай жақсылыққа жаны құштар, қашанда елгезек, сөзі салмақты жігіттердің өз арамызда жүргеніне біз де шүкіршілік етеміз, мақтанамыз.

Қобылан Құдасбеков,
тілшілер қосыны жетекшісі,
Ақкиізтоғай

• **Жазғы демалыс-2016**

«ЖАУҚАЗЫНДАҒЫ» ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні айтулы мереке. Мемлекеттік рәміз-елдігінің, тәуелсіздігінің белгісі. Туды, Әнұранды, Елтаңбаны қастерлеу кім-кімнің де борышы. №8 мектептің «Жауқазын» сауықтыру –демалыс лагерінде Досмағамбетова Жанаргүл, Оңдасова Жансая, Артығалиева Нұргүл, Оразаева Гүлжиханның ұйымдастыруымен рәміздерді насихаттауға арналған «Рәміздер-мақтанышым» атты патриоттық тәрбие сағаты өтті. Іс-шара еліміздің Әнұранымен басталды. Алғашқы құттықтау сөз мектеп директоры Күләш Қосайқызына және лагерь

меңгерушісі Жангүл Шынбатырқызына берілді. Мұғалімдер рәміздерге жеке-жеке тоқталып, мән-мағынасын ашып айтты. «Мемлекеттік рәміздер тарихы», «Отанға деген сүйіспеншілік -рәміздерді құрметтеуден басталады» фильмдері көрсетілді. Мемлекеттік нышандарға қатысты әртүрлі интеллектуальдық тапсырмалар орындалып, лагерь тынығушылары ой-өрісінің кеңдігін паш етті. «Көк ту және достар» атты мультхикая ұсынылды. Белсенді оқушылар дипломдармен марапатталды. «Тұлпар» тобы I, «Қыран» тобы II, «Бірлік» тобы III орынды иеленді.

Бағытқызы Жанаргүл,
шаттан тыс тілшіміз

Рамазан айының кестесі-2016ж Құлсары қаласы

Милади күндер	Рамазан күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін Намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
6/06/2016	1.	03:30	05:30	13:24	18:48	21:19	23:03
7/06/2016	2.	03:30	05:30	13:24	18:48	21:19	23:03
8/06/2016	3.	03:29	05:29	13:24	18:49	21:20	23:04
9/06/2016	4.	03:29	05:29	13:24	18:49	21:21	23:04
10/06/2016	5.	03:29	05:29	13:25	18:50	21:21	23:04
11/06/2016	6.	03:29	05:29	13:25	18:50	21:22	23:04
12/06/2016	7.	03:28	05:28	13:25	18:50	21:22	23:04
13/06/2016	8.	03:28	05:28	13:25	18:51	21:23	23:05
14/06/2016	9.	03:28	05:28	13:25	18:51	21:23	23:05
15/06/2016	10.	03:28	05:28	13:26	18:52	21:24	23:06
16/06/2016	11.	03:28	05:28	13:26	18:52	21:24	23:06
17/06/2016	12.	03:28	05:28	13:26	18:52	21:25	23:07
18/06/2016	13.	03:28	05:28	13:26	18:52	21:25	23:07
19/06/2016	14.	03:28	05:28	13:26	18:53	21:25	23:07
20/06/2016	15.	03:29	05:29	13:27	18:53	21:26	23:08
21/06/2016	16.	03:29	05:29	13:27	18:53	21:26	23:08
22/06/2016	17.	03:29	05:29	13:27	18:53	21:26	23:08
23/06/2016	18.	03:29	05:29	13:27	18:54	21:26	23:08
24/06/2016	19.	03:30	05:30	13:27	18:54	21:26	23:08
25/06/2016	20.	03:30	05:30	13:28	18:54	21:26	23:08
26/06/2016	21.	03:30	05:30	13:28	18:54	21:26	23:08
27/06/2016	22.	03:31	05:31	13:28	18:54	21:26	23:08
28/06/2016	23.	03:31	05:31	13:28	18:54	21:26	23:08
29/06/2016	24.	03:32	05:32	13:29	18:54	21:26	23:08
30/06/2016	25.	03:32	05:32	13:29	18:54	21:26	23:08
1/07/2016	26.	03:33	05:33	13:29	18:54	21:26	23:11
2/07/2016	27.	03:33	05:33	13:29	18:54	21:25	23:10
3/07/2016	28.	03:34	05:34	13:29	18:54	21:25	23:10
4/07/2016	29.	03:35	05:35	13:29	18:54	21:25	23:10

Биыл, яғни 2016 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 29 күн.

1. Шілденің 1-нен 2-сіне қараған түні Ләйләтул-Қадр, яғни қасиетті Қадір түні.
2. Сәресі ішу таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылады.
3. Ақшам намазының уақыты кірісімен ауызды құрмамен, сумен болмаса басқа да жеміспен ашқан жөн.
4. Тарауих намазы Құптан намазының парызынан кейін оқылады, ал үтір-уәжіп намазы ең соңынан жамағатпен оқылады.
5. Пітір-садақа рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Пітір Атырау облысы бойынша 200 тенге.
6. 5 шілде (сейсенбі) күні Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы таңғы сағат 08:00 де оқылады.
7. Оразаға ниет : Аллатағала үшін мубарак Рамазан айының оразасын ұстауға таңнан күн батқанға дейін ниет еттім.
8. Ауыз ашар дұғасы: «Жаратқан Ием! Сен үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризық несібеңмен ауыз аштым. Иә, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешіре гөр!»

Islam-kulsary.kz

Жадында жүрсін!

Билердің атасы

Биыл Төле бидің туғанына – 353 жыл. Мемлекет қайраткері, ойшыл, дана көшбасшыны халқы ерекше қадірледі, билердің атасы деп құрметтеді. Аруақты атамыз 1663 жылы жазда Жамбыл облысы, Жайсаң жайлауында дүниеге келеді. Өмірден өткен күні 1756 жыл делінгенмен, бірақ белгілі қытайтанушы Клара Хафизқызы 1758 жылы Ақбұрхан Орда жерінде қайтыс болып, Ташкенттегі Жүнісханның мазарында жерленгенін айтады. Көпшілік атын атамай, Төбе би деп атап кеткен. Қазақ хандығының орнығуына бидің ақылдылығы септігін тигізді. Ұлы жүзді Тәуке ханның басқаруына рұқсат беріп, қазақ – орыс байланысын бекітеді. Академик Манап Қозыбаев ол кезді халықтың сауаты ашылды, өз жерімізде қоғам беделі артты деп бағалады.

Төле би өзінің терең біліміне сүйеніп, қашанда әділ келісімге жетелеген. Шындықты жасырғандарға қарсы болған.

Атаның сара жолына әркез көңіл бөлген дұрыс. Тәуелсіз елдің тарихын- да ақсақалдың орны айырықша аталады.

М.Жақашев, журналист

- Алло, алло, - деп телефон шалады бір қызметкер бастығына. –Менің көлігім бұзылып қалып... жұмысқа кешігіп барам...
- Онда тұрған не бар? Көлік бұзылса, автобуспен кел.
- Менде автобус жоқ қой...

* * *

Дәрігерге үсті-басы көкала қойдай болған бір жап-жас әйел келеді. Шошып кеткен дәрігер:

- Құдай-ау, сізге не болған?
- Күйеуім арақ ішіп келген сайын, мені осылай сабап тастайды.
- Мен сізді емдеп, жазамын. Ол үшін сіз мені айтқанымды айнытпай жасаңыз. Бұдан былай күйеуіңіз үйіңізге мас болып келген жағдайда алдын ала дайындап қойылған түймедақтың суымен тамағыңызды шая

Қағытпа

беріңіз. Күйеуіңіз қалай табалдырықты аттайды, солай шаюды бастаңыз. Тез-тез шая салмаңыз. Асықпай, аптықпай шайыңыз.

Бірнеше апта өткеннен соң әлгі келіншек гүл-гүл жайнап дәрігерге қайта келеді.

- Сіз мықты дәрігер екенсіз. Күйеуім қалай мас болып келеді, мен солай тамағымды шая бастаймын. Кейде жарты сағаттан аса шаямын. Ол мені ұрмақ түгіл, сөйлеуге мұршасы болмай, ұйықтап қалады, - дейді риза болған келіншек. Ішінен «аузыңды жауып жүрсең, сені ұрып несі бар?» деп ойлаған дәрігер:

- Осындай да ем бар... – депті күлімсіреп.

«Жас Алаш»



Құмар Бисенбаев,
зейнеткер, еңбек ардагері,
өлкетанушы

Мұнайлы кәсіпшілігі 1948 жылы пайдалануға беріліп, 1998 жылы өнімнің азаюына байланысты жұмысын тоқтатты. Бұл өңірді зерттеу ісі ерте басталса керек. Көнекөз қарттардың айтуынша, 1915-20 жылдары ағылшын геологтары зерттеген және мұнайы бар деген жерлерге геологиялық белгі қойған. Сол ағылшындарға арбакеш болған, 17-18 жасында геологтардың құрал-сайманын тасып күнкөріс қамын жасаған қария Әділов Жүндібайдан(1902ж.т. беріректе өмірден өтті) көп жайды естіген едім.

Мұнайлы аталуы неліктен?

Өндіріс ошағына жапсарлас Мұнайлытөбе деген оқшау, Араб әмірліктеріндегі пирамида тәріздес төбе бар. Мұнай мен судан, топырақ, шөп-шаламнан құралған. Түсі қоңыр, асфальтқа пайдаланылатын битум тәріздес. Едәуір биік, шөп өспейді. Ертеде Маңғыстау байлары жазғы жайлауға Маңғыстаудың ойынан шығып Жем, Ойылға келіп қоныстанады екен.

Алыстан арып-ашып келген көш сол Мұнайлыға келіп, 5-10 күн дамылдап, ат-көліктерінің белін босатып, сол Мұнайлытөбеден су араласып шығып жатқан қою қара майды ер қажаған, қотыр болған малына жағып, ем жасапты.

Мұнайлытөбеден шығып жатқан май желім сияқты-жабысса айырылмайтын, жуса ұзақ уақыт бойы кетпейтін көрінеді. Адайдың көрпе руынан тараған Балтөкен шешеміз айтушы еді. Сол шешеміздің қайын атасы Қаратоқай-Беріш Жантерек деген қарт Мұнайлытөбенің басына

МҰНАЙЛЫ МАҢЫ-ТҰНҒАН ТАРИХ

балаларды шығармаған.. Себебі, олар төбенің ұшар басындағы жабысқақ мұнай қалдықтарына үсті-бастарын бүлдіріп алатын. Сол қарт Мұнайлытөбенің етегіне құлағын жиі төсеп тыңдаушы еді, қатарлары не естисің дегенде, бұл жер түбі дүбірлі болуы мүмкін депті. Реті газ аралас бұлақтың дыбысын еститін шығар.

Сол қарт Ұшқан ата қауымында жатыр, 1923 жылы өмірден өткен. 1 метрдей биік құлпытасы көрініп тұр. Ескіше қойған белгісі және жаңаша қойғаны бар, тас қойған Әділ деген адам.

Мұнайлының бірінші директоры-Наренбаев Құсан. 1947 жылы қоныстанған халық қысқа қарай үй ішін жылытатын кірпіш таба алмай қиналыс көрген. Ойда-жоқта бір жұмысшы өндірістің түстік бетіндегі төбенің бауырайынан топырақпен көміліп қалған қызыл кірпішті көріп, қазып қараса шағын бөлмедей, төрт бұрышты, қалың етіп қаланған үйшікке тап болады. Тасқа зәру халық алған да бұзған. Іші толы хатталған қағаз екен. Ол қағазда ешкімнің шаруасы жоқ, тасқа таласып қағазды лақтырып тастаған. Тас үшін барған Мекебаев Көбей шашылып жатқан қағаздағы жазбаларға түсінбесе де қойнына толтырып, директорға табыс етеді.

-Наренбаевтың әйелі(атын ұмыттым) кәсіпшіліктің геологы болатын, сол қағазға түсіне алмай отырғандарға: сендер бұған түсінбейсіңдер, бұл 1920 жылдардағы ағылшын геологтарының жазбасы деп қағаздарды жинап алды. Сол әйел көп жылдардан кейін геология-минералогия ғылымының кандидаты болды деп сөзін аяқтады Көбей. Демек, Мұнайлыны зерттеу ерте басталғаны айқын аңғарылады. Ағылшындар қайтып ораларымыз деп жаңағы жазбаларды көміп кеткен бе деп ойлаймыз.

Мұнайлының айналасында бұлақ аттары көп.

1. Тақырбұлақ Мұнайлының Құлсары бетінде, 15-20 км шамасында. Бұл жерде 1947-48 жылдары мұнай көзін іздеуші барлаушылар болған.

2. Мибұлақ. Бұл жер адырлы, Тоқсанқұл сорына жалғасып жатқан қалың қамысты, кез келген тұсында баланың еңбегіндей былқылдап жатқан қуыс-мүйісі көп. Жыра-жықпылды, жазда маса-соналы бытпылдықы өңір.

3. Мұнайлымен Ұшқан атаның арасында 12 атанған су бұрқағы бар. Бұл совхоз басшыларының тапсырысымен

бұрғыланып, пайдалануға берілген. Мұнайлыдан 12 шақырым жер, сол себептен 12 атанып кеткен.

4. Сарбұлақ-Мұнайлының шығысында 15 км жерде. Мұнда су көзі мол. Бұрынғы бұлақтар құмығып, фонтан шыққанан кейін бұлақ көзі тартылған. 1955-61 жылдары мұнай барлау жұмыстары жүргізілген, жұмысшылар қоныстанған.

Бірнеше фонтан шығарылып, су құрамы тексеріліп, кейін адам организміне пайдалы екені дәлелденгесін, 1963-65 жылдар аралығында құтыға құйылып, сыртына киіктің суреті жапсырылып, асхана, дүкендерде сатылды. Кейіннен Атырауға тасымалдау қымбатқа түсіп, игі іс тоқтатылды.

5. Сарыбұлақтың арқабетінде, 5 км шамасында Тасқазған деген шебень шығарылған биіктік бар. Бұл жерден Мұнайлы мен Құлсарыға іргетас үшін ірі, көлемді тастар қол күшімен қазылып, тасылды. 1956-57 жылдардан кейін тас қазу тоқтатылды.

6. Сарбұлақтан 5 км жерде Қараш фонтан бар. Түйешінің атымен аталған. Совхоздың адамы деп естиміз.

7. Мұнайлыдан 20 км оңтүстік-шығысқа қарай Кетенің Ақмоласы деген атқылап тұрған фонтан бар. Екі биік төбенің арасында, бұрынғы суағар арна секілді. Жер бетінен көрініп жатқан бордың қалыңдығы геологтардың айтуы бойынша 100-120 метр қалыңдықты құрайды. Сол фонтаннан 200 метрдей тұста азырақ ескі қауым бар. Қауым алыстан менмұңдалап көрінетін үлкен шоқы, бір мезгілдерде Кете руы ұрпақтары қоныстанған деседі. Қауым тегістей ақ бордан қаланған. Сондықтан жер аты Ақмола атанған.

Мұнайлыдан 14 км қашықтықтағы Биікжалда(геофизикалық атау) одақ бойынша ең терең бұрғылау(7 мың метр) экспедициясы орналасты. Негізі бұрынғы атауы Есекжал, Күре атанған бұлақтардан бастау алған сыңайлы. Жері адырлы, ертеде су жатқан арналар немесе Жем өзенінің бір саласы деуге болатындай кең өзектер көзге түседі. Сол өзектердің жиегіндегі биіктеу төбелерде көне бейіттер бар. Аты-жөні белгісіз болғасын халық Жапатай қорым деп атап кеткен. Мұнайлы мен Биікжалдағы, яғни екі ауылдағы кейбір тұрғындар әрі-бері өткенде онды-солды сөйлеп, мас болып аруақты қорлағасын Ата оларға ескертуін сездірген-ді. 4-5 адамның көліктерінен құлап өмірден өткенін, аяқ-

қолдары, басқа да дене мүшелерінен айырылғанын білеміз. Содан кейін ғана қорымға тоқтап, дұға қылып, аруаққа құрмет көрсететін болды. Бұл қорым да Кете руынікі екен. Кейбір құлпытастарын құлатып, үшкір нәрсемен бәзбіреулер аттарын жазып, үлкен нұқсан келтірген. Ескіше діни сауатты, мектептерде ұстаздық еткен коммунист, қосшағылдық Құспан Асанов деген қарт болды. Сол қария Биікжалдағы ағайындарына бара жатып аруаққа бата жасап тоқтағанда, тас бетіндегі таңбалар кете руынікі, 1850-70 жылдар аралығында қайтқан адамдар екенін айтқан. Бүгінде әр жерде құлпытастардың жұрнақтары ғана қалған. Жапатай мола атануы содан болар деп топшылаймын.

8. Мұнайлыдан 3-4 км арқаға қарай үлкен, жалпақ сортаң аймақта ара қашықтығы 2-3 км 5 бұлақ бар. Бұл жердің атауы-Дінғали фонтан. Жер астынан өзі шығып жатқан су көзі, айналасы сор және құрақ шыққан. Дінғали фонтан атану себебі, ол қария зейнеткерлікке шыққаннан кейін осы жерде тума-туысқандарының, өзінің малын бағып, қысы-жазы қоныстанған. 1899 жылы туылып, 1977 жылы өмірден өтті. Ұрпақтары Құлсары қаласында тұрады.

9. Қасқырбұлақ. Мүмкін, алғашқы атауы Қасқырлы бұлақ шығар. Қасқыр бұлақ пен Есекжал аралығын ұзындығы 25 км-дей, ені 7-8 км-дей сортаң тақыр бөліп жатыр. Орта жері шілдеге дейін былқылдап жатады, ойдым-ойдым батпақты сор. Қасқырбұлақ сол жалпақ сорға ентелей кірген, төбенің бауырайы, айналасы жыңғылдық, шоқ-шоқ қамысты бұлақ. Ол жерге ешқандай техника кіре алмайды, атты немесе жаяу адамның ғана аралауға мүмкіндігі бар. Жаз айларында қасқыр күшігін өргізеді. Қасқырбұлақты да ертеде малды адамдар мекендеген сияқты. Өйткені, орта тұсында ескі бейіттер бар. Тіпті, күмбезді бір шағын мола тұрғызылған. Айтушылар Алтын деген Беріш руының қызы деседі. Реті, атақты адамның келіні тәрізді. Өзім басына барған емеспін, естігенім ғана.

Мұнайлы маңындағы мен білетін жер-су атаулары осылар. Ой-пікір қосушылар болса, мәліметтер одан әрі молая түсер еді.

Мақала арнайы “Құлсары” газеті үшін жазылды.

БАЛАЛАР БАҚЫТТЫ БОЛСЫН!

Халықаралық Еңбек Ұйымы 12 маусымды Халықаралық балалар еңбегін қанауға қарсы күн деп жариялады, жұмыс орындарында балаларды шектен тыс қанау түрлерін шұғыл арада жоюға әлем жұртшылығы назарын аударып отыр. Аталған Ұйымның мәліметінше, 5-17 жас аралығындағы 250 миллионға жуық бала өздерінің жасына сәйкес келмейтін жұмыс істейді және осы балалардың үштен екісі жұмыстың ең ауыр түріне тартылған. 1-12 маусым аралығында «Нұрлы жол-біздің болашаққа барар жол!» атты бүкілқазақстандық акция аясында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» ұлттық науқан өтуде.

Бала еңбегін қанау дұрыс емес екенін түсінеміз. Бірақ, неліктен бұғанасы бекімеген бала еңбек етуге мәжбүр болады? Неге ол алаңсыз ойынын ойнап, оқуын оқып, бақытты балалық шақтың базарында асыр салмасқа? Иә, жағдайы жақсы, ата-анасы қамтамасыз етуге қабілетті болып отырса, бала да өзінің жасына лайықты емес жұмысқа бармас

еді. Әлгіндей балалардың ата-аналары табысымен балаларын асырауға қабілетті болса, қоғамда жұмыссыздық болмаса балаларымыздың еңбегі де қаналмаған болар еді. Бұдан бала еңбек етуге тиіс емес деген ұғым тумауы керек, қоғамда еңбек еткісі келетіндер үшін бала еңбегін қанамайтын жұмыс орны және бала еңбегі мемлекеттік бақылауда болуы керек деп ойлаймыз.

Акция шеңберінде №8 мектепте арнайы іс-шара жоспары құрылды. Директордың орынбасары Бижанова Миллат, әлеуметтік педагог Кеңесова Жанар түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, «Біз бақытты баламыз» тақырыбында флешмоб, суреттер, шығармалар сайысы, концерттік бағдарлама, т.б. өріс алды.

Балаларымызды бақытты ету, өскелең ұрпақтың ой-өрісі мен армандарының жарқын болуы-біздің қолымызда. Олардың құқығы әркез қорғалып, сақталуы тиіс.

Д.Отарбайтегі

ЖАРҚЫН БОЛСЫН ӨМІРІ

Заман ағымы өзгеріп, әр алуан технология қарыштап дамып, ақша мен ардың салмаққа түсер шағында жасөспірімдер мен әлі буыны қатпаған балаларды еңбекке тарту, соның ішінде жыныстық қатынасқа итермелеу, қайыршылыққа, яғни қол жайып қайыр сұрауға мәжбүрлеу сияқты баланың ар-намысы мен ұят-ожданына нұсқан келтіретін келеңсіз жағдайларды

болдырмау-сіз бен біздің еншімізде. Қай кезде де, қай заманда да бала құқығы қорғалып, оның аяқасты тапталуына жол бермеуіміз керек. Бала-біздің болашағымыз, сол баланың бар өмірінің жарқын да бақытты болуы бізге-үлкендерге міндет болып қала беруі шарт.

№6 мектеп әкімшілігі, қоғамдық ұйымдары

ҚАМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН ОСЫ!

Асыл дінімізді кең тұрғыда насихаттап, барша адамға, соның ішінде жас ұрпаққа имандылық нәрін сыйлаған Теңел қажы Айдарбекұлы биылғы Рамазан айында біршама игі шараларды қолға алмақ ниетте. Ілкі құптарлық қадамдар басталып та кетті.

Мәселен, Алладан ел-жұртының амандығын, берекелі-мерекелі болуын күндіз-түні тілеген Теңелдің ықпалымен, ауылдағы қайырымды кәсіпкерлердің қолдауымен Қосшағыл халқы бір ай бойы Құлсарымен арадағы қоғамдық көлікте тегін жүретін болды. Бұл орайда ҚР транспорт саласына еңбегі сіңген қызметкер, Жылыой ауданының Құрметті азаматы, «Теңізавтокөлік» ЖШС-гі директоры Қ.С.Мәмбетовтің ыстық ықыласына ризамыз.

Ораза қабыл болсын! Ізгі мақсат-міндеттеріміз өрістей берсін!

Ә.Жеменей

ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСШЫЛАР БАР КҮШІН ӨЗ ҚАНДАСЫН ЖАНШУҒА ЖҰМСАУДА

Ресей, Қытай секілді державалар Қазақстанды тәуелсіздігін кеше ғана алған отар елдердің бірі ретінде әлеуметтік азаттыққа апаратын жолға түскенін қаламайды. Шетелдіктер әр кезде де отар елдерге кіргенде оның байлығына өз үстемдігін ұзағынан сақтап қалу үшін «өкіметтегі өз сыбайластарын» параға сатып алуды мейлінше пайдаланып, бірте-бірте сол елдің экономикалық және саяси жағдайына бақылауды өз қолдарына алуды көздейді. Себебі, жасыратыны жоқ қазіргі кезде қытайлықтар мен билік арасында экономикалық сыбайластық бар. Ол аз болғандай қазақтың өз ішінен шыққан қытайлықтардың өндірісін жүргізіп отырған «орташа бастықтары» бар күш – жігерін, ақыл-білімін қандастарын (жұмысшыларын) езіп-жаншуға, қытайы қожаларының бетіне жел тигізбеуге жұмсайды. Біз мұны мойындауымыз керек. Осындай мақсатпен енген Қытай мен басқа да шетелдік трансұлттық корпорациялар бүгінде бізді бағынышты етіп ұстау үшін өздерінің бет-бейнесін бүркемелеген отаршылдықтың жаңа жүйесін енгізіп жатыр. Бұл экономикалық бұғау қазірдің өзінде қазақ елін қылғындыра бастады.

Бұл аз болғандай түрлі жолмен ірі көлемдегі жерлерді ұзақ мерзімге жалға алғандардың ішінде жерді екінші деңгейдегі банктерге кепілдікке қойылып, қыруар қаржы несиеге алынып, бірақ қайтарылмай кепілге қойылған жерлердің банк иелігіне өтіп кеткен жағдайы бар. Мәселен, Алматы облысы, Райымбек ауданының біршама жері Эксимбанкке өтіп кеткен. Қазір ол жерлерді не мемлекет өзіне қайтара алмай, не халыққа бере алмай жатыр. Ондай оқиғалар республика бойынша аз болмауы мүмкін. Ал коммерциялық банктерді шетелдіктердің сатып алуына немесе банктің өз мүлкін еркін сатуына ешқандай тосқауыл жоқ. «Банктер кепілге қойылған мүлікті несие қайтарылмаса сот шешімінсіз-ақ сатуға шығаруға мүмкіндігі бар, осы жолмен көптеген жер телімдері шетелдіктердің иелігіне өтіп кетуі ғажап «емес» деп жазды «Абай кз» порталы. Құрылтайшысы Ресей болып табылатын «Сбербанкте» қандай меншіктер кепілде барын да текесеріп жатқан құзырлы органдар жоқ.

Қазіргі күні Қазақстандағы ірі инвестор мемлекет Қытай екені жасырын емес. Әуелгі келісім қалай еді? Көршіміз Қазақстанның Батыс өңіріндегі көмірсутектердің көзін тауып энергетикалық қорғанысты нығайта отырып шикізатты тасымалдау керек болатын. Сөйтіп, қытайлық компаниялар мұнай-газ саласында белсенді жұмыстарын бастап кетті. Қазір еліміздегі мұнай өндірісінің 40 пайызы қытайлық компанияның бақылауында. Оның ішінде CNPC – Ақтөбемұнайгаз көш бастап тұр. Дерек көздерінің айтуына қарағанда Ақтөбе мұнайының 90 пайыз акциясы солардың қолында. Көш бастағанда да заң бұзудан да, экономикалық қитұрқылықтан да көш басында тұрған осы компания. Оның үстіне шетелдік азаматтардың (қытайлықтардың) Қазақстан азаматтарымен некеге тұруы да белгілі дәрежеде қо-сымша мәселелер туындатады. ҚР «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңының 14-бабы бойынша Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер Қазақстан Республикасының азаматтарымен және басқа адамдармен некеге тұрып және оны бұза алады.

Қазақ мемлекеті мұнай газ саласында отандық компаниялардың үлесін арттыру туралы талап қойып, саясат жүргізіп

отырса да, «CNPC –Ақтөбемұнайгаз» өзінің негізгі бас компаниясы «CNPC CHINA» - ның қарамағындағы еншілес компанияларды дамытуға басымдық береді. CNPC тің Қазақстандағы еншілес компанияларының құрылымы төмендегідей:

1. «ChinaPetroleumTechnology&DevelopmentCorporation»

Қызметі: өндіру, тауар және жабдықтарды тасу

Қазақстандағы еншілес компаниялары:

1. «Восточная Корона» ЖШС;
2. «Ақтөбе Мұнай Маш Комплект» ЖШС;
3. «Ақтөбе Нефте Маш» ЖШС;
4. «Каспий Ойл Тех Сервис» ЖШС;
5. «Сырдария Нефте Сервис» ЖШС;

(Дереккөз: CPTDC сайтының түсірілімі

<http://www.cnpc.com.cn/cptdc/CPTDCNEW/CPTDCWorldwide/default.htm>)

2. ChinaPetroleumEngineeringand-Construction (Group) Corporation

Қызмет түрі: инжиниринг және құрылыс

Қазақстандағы еншілес компаниялары:

1. «ВСП Интернациональ» ЖШС;
2. Чжунте Қазақстан
3. «Арман-Құрылыс» ЖШС;
4. Қытайлық инженерлік-құрылыс мұнай компаниясы

5. Қытайлық мұнай корпорациясының құрылыстық жобалау жұмысы бойынша ашылған қазақстандық ЖШС филиалы

3. Great WallDrillingCompany

Қызмет түрі: бұрғылау операциялары

Қазақстандағы еншілес компаниялары:

1. «ККБК Великая стена» ЖШС
2. «Восток нефть и сервисное обслуживание» ЖШС
3. «Батыс-Мұнай» ЖШС

Дереккөз: Great WallDrilling-Company аталған ЖШС лардың құрылтайшы үлесі

4. ChinaNationalLoggingCorporation

Қызмет түрі: геологиялық және геофизикалық қызмет

Қазақстандағы еншілес компаниялары:

1. БИДЖИПИ геофизикалық қызмет
2. КНЛК Интернешнл Қазақстан
3. М-техсервис

(Дереккөз: http://www.hkexnews.hk/listedco/listconews/sehk/2011/1214/01251_1225624/E106.pdf)

Шетелдік монополистер (қытайлықтар т.б) Қазақстанды шикізаттың қоймасы, капиталын үстемелу және өнімін тиімді өткізудің нарығы, шектен тыс пайданың көзі деп қарайды. Қазақтардың саяси және экономикалық тіршілігіне ықпал жасайтын маңызды тетіктері мұнай, газын әбден иеленген олар, енді міне қалған өндірісі мен ауыл шаруашылығын, жеріне (территориясына) қожалық етуге ұмтыла бастады. Қазақстан олармен 24 млрд доллар тұратын 50-ден аса келісімге қол қойды. БАҚ құралдары бүгінде Қытайдың 4 алпауыт ауылшаруашылық компаниясы, атап айтқанда CITIC, COFCO, Rifa Holding Group, AIIU Қазақстанның ауыл шаруашылығы нарығына тағы кіргенін жазды. Ресей елі Байқоңыр ғарыш айлағы және 7 әскери полигондар орналасқан жерлерді сатып алуға мүдделі. Себебі Ресей Бай-қоңырды жалға алғаны үшін жыл сайын 15 млн. доллар әскери полигондар орналасқан жер үшін 24 млн. доллар төлеп отыр. Егер ол жерлерді жеке меншікке сатып алса, оған миллиондаған



доллар ақы төлеудің қажеті болмайды.

Бұған қанаудың капиталистік формасын қабат қолданып жүрген жергілікті жер иемденуші үстем тап, бүгінде 4 млн.га жерге ие болып отырған латифундистер мен олигархтарды, заңды тұлғаларды және қосыңыз. Иелігінде 100 мың, 200 мың, 400 мың, 500 мың тіпті 800мың гектардан жері бар В. Школьник, С. Терещенко, С. Кулагин, В. Метте (марқұм), Р. Мадиев сияқты алпауыттар пайда болды. Дамыған капитализм мемлекеттерінде ұлттық байлықтың 40-50%-нан астамы мемлекет меншігінде. Нарықтық қатынастарға өткен қытайдың өзінде 90% мемлекет меншігінде. Мәселен, АҚШ өз мұнайының 80% табысына ие болса, Ресей 60-65% - қалдырады екен. Ал, Қазақстан мұнайдан түскен табыстың әр тоннасынан бар – жоғы тек 16 пайыз үлес алады екен. «Осындай жағдайды біле отырып, жер сатудың неге алып баратынын сезе отырып, ҚР Пар-ламенті неге жер сатуға мүм-кіндік беретін заң қабылдайды?» - дейді халық. Жер қазақ халқының қолындағы соңғы меншігі, стратегиялық тетігі. Жерінің тұтастығына, халқының бірлігіне, мемлекетінің қауіпсіздігіне төнген қауіпті сезінген қазақ халқы ҚР Жер кодексінің қазіргі нормалары Қазақстан халқының мүдделеріне сәйкес келмейтінін, өз құқықтарының сақталуын талап етіп ереуілдерге шықты.

Әдетте шетелдік монополистер азаттық алған елдерде экономикасының ең табысты салаларын - кен шығару, өңдеу өндірісін иеленеді. Сатып алу, пара беру жолымен билік тетіктеріне де мүдделес лоббистерін кіргізіп, көп жеңілдіктерге ие келісім-шарттарға қол жеткізеді. Қолдары жеткесін өз талаптарын зорлап ұсынып, бұл елдерді іштен қанай бастайды. Шетелдік монополистік қанаудың бірте-бірте мемлекеттік монополистік қанауға ұласуы «жұмысшы табын» және халықтың басқа да бөліктерінің наразылықтарын тудырады. Осыдан туындайтын елдегі көпті толғантқан жалпыұлттық дағдарыстар тереңдей келе, бұл әдетте қалың бұқараны белсенді қимылға, ашық қарсылықтарға баруға итермелейді. Монополист шетелдіктердің зорлық-зомбылығы мен жемқорлықпен былғанған жергілікті шенеуніктердің олармен сыбайластығы, өзгеге тәуелділік, экономикалық тапшылық пен тұрмыстағы мұқтаждық, еңбекшілердің әлеуметтік құқықсыздығы «жұмысшы табы» мен «халықтың басқа жіктерін» көшелерге шығарады. Осылай билеуші тап дәрменсіздігін халқын қанаушы тапқа қарсы арандатады.

Біз бір нәрсені анық түсінуіміз керек. Кешегі Атырау, Ақтөбе, Жаңаөзен, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Семей, Алматы ереуілшілерінің көздегені: жерінің бүтіндігін сақтап қалу, соның ішінде шетелдіктердің саяси - экономикалық басыбайлығынан құтылу болатын. Өзіңнің ырыздық бұлағыңды өзің билеп,

өз қалауыңша өмір сүргенге не жетсін. Халықты «екі жақты қанау» дегеніміз осы. Ал, екі жақты қанау тереңдей келе халықтың екінші бөлігінің наразылығын

тудырады.

Наразылық ушыға келе еріксізден «қанаушы тапты» (бұқара) көшеге шығаруға мәжбүрлейді, бұл АКСИОМА. Мұның емі: үкімет «Жер туралы кодекстің» 170-бабы, 3-тармағы бойынша қанша адамға қанша жер берілгенін есептеп, қаншалықты заң аясында орындалғанын бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы жария етуі тиіс. Үкіметтің халық алдында есеп беретін кезі келді. Жерді сату, жалға беру мен жер салығының әділетті, экономикалық негізделген ақысы бел-гіленіп, заңмен бекітілуі тиіс. Алдағы бірер жылда пайдаланылмай жатқан және дұрыс игеріл-меген жерлерді толық тү-гендеп, оларды мемлекет менші-гіне алу мәселесін бастау қажет. Қазақ халқы ауыл шаруашылығын шетелдіктерсіз өз күшіне сүйеніп көтере алады. Бұған еш күман болмасын.

Бір ғана Ақтөбедегі митингіде әділетсіздіктен титықтаған халық құнарлы жерді аукцион арқылы өзіміздің ғана емес, шет елдің алпауыттарына сатуды көздейтін кодекс баптарын алып тастауды, жалға бермеуді, жерді сату, сатып алу үдерісі шаруаның мүддесін көздеуі керек, жер шаруашылық айналымынан шығып кетпеуі, шаруаның қолынан саудагердің қолына өтіп кетпеуі қажет дегенді көтерді. Жергілікті жұмысшылар мен қытайлықтардың арасындағы жалақы айырмасының теңсіздігін айтты. Олар еңбек жағдайларын жақсартуды және басқа да тиесілі әлеуметтік теңдіктің, жұмысшы мүддесінің өкімет тарапынан қорғалуын, демократиялық құндылықтардың сақталуын, талап етті. Бұдан ешқандай да құбыжық іздеудің қажеті жоқ. Мұндайға олар шетелдіктермен ауыз жаласқан мемлекеттік монополистердің өктемдігін тежеу, өз құқықтарын қорғау мақсатында мәжбүрліктен барды. Те-рең талдау мен мониторинг жасап алмай, халықтың келісімінсіз, ту сыртынан ауыл шаруашылығы саласына шетелдік жұмыс күшін тарту бастамалары әлеуметтік қақтығыстарға ұрындырарын мойындауымыз керек.

Ендеше, «жерінің тұтастығын» ту етіп, іштегі әлеуметтік, қоғамдық қатынастарды ушықтырушы басты фактордың бірі - шетелдік қанаушы таптың заңнан тыс іс-әрекетіне қарсы наразылық келтірген бұқараның «экономикалық тәуелділіктен» туындаған табиғатын түсіністікпен қабылдағанымыз дұрыс болар еді. «Қожаға – сере қазы, құлға – сүйек-саяқ» күйін кешкен, кешегі көшеге шыққан халықтың көздегені бар болғаны қазақ елінің шынайы экономикалық тәуелсіздігін сақтап қалу ғана болатын. Айтарым, еліміздің тыныштығын, бірлігіміздің бектігін ойласақ Жер Кодексіне қатысты құрылған үкіметтік комиссия жоғарыдағы жайларға баса назар аударады деп үміттенеміз.

Нұрлыбай Қошаманұлы,

ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Жер кодексіне байланысты Ақтөбе облысы бойынша құрылған ұшжақты

комиссия мүшесі

«Қамшы» сілтейді
gamshy.kz

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ ШЫҢДАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік кеңістікке енуге бағыт алуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі-жаңа Қазақстан» Жолдауында «Жаңа формация мұғалімі – бұл рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылған шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамуы үшін жауапты» деп атап көрсетті.

Бүгінгі мәселе-әлеуметтік- педагогикалық және ұйымдастыру ісін жетілдіру, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады. Бұл жерде ұстанымдар кәсіби педагог кадрларын даярлау жүйесіндегі көзқарастармен айқындалары даусыз. Жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Биылғы қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептерде барлық І сынып оқушылары «Жаңартылған білім беру бағдарламасы» бойынша білім алмақ. Осыған байланысты 2016 жылдың ақпан айынан «ӨРЛЕУ» Біліктілікті арттыру институтында бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары басталып та кетті.

Жылдайғы №8 мектепте «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілік арттыру» курсы болды. Мұнда осы өңірге

қарасты 19 мектептен жаңа оқу жылында І сынып алатын 26 мұғалім дәріс алды. Бұл біліктілікті арттыру курсының мақсаты- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен таныстыру және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Курс барысында мұғалімдер оқушының бойына кең ауқымды дағдыларды білім беру кезінде қалай қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерумен қатар, «Бірлескен оқу, Белсенді оқу» түрлерінің қалай жүзеге асатындығын, бағдарламның маңыздылығы мен тиімді жолдарын, ықшам сабақ беру кезінде әр пәннің ерекшелігін түсініп, нақты мақсатқа сай тапсырма дайындауды үйрене отырып, оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, іздене білуіне, зерттеу нәтижесіне өзіндік тұжырым жасап, қорытынды шығаруына мүмкіндік туғызатынына көз жеткізді.

Қорыта келгенде, білім беру мазмұнының жаңаруы – Қазақстандық білім беру жүйесіндегі болатын өзгерістердің алғашқы қадамы. Олай болса, бұл жаңашылдық пен сапалы білім беру жүйесін қолға ала отырып, әр ұстаз өз жұмысын жаңашылдандыру керек. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін өзіміз де бәсекелестікке дайын болуымыз керек.

Жалмуханова Балауса Хоныспаевна,
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ
«Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру»
кафедрасының аға оқытушысы

ТЫҢДАУШЫЛАР ОЙ-ШІКІРІ

Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр-сырын зерделей бастаған сәтімде «Қазақстан Республикасы бойынша орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру» тақырыбындағы арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама екендігіне көзім жетті. Тренеріміз Балауса Хоныспайқызының үйретуімен әріптестеріммен бірге жаңа бағдарламаны талдап, талқылап, тәжірибемен бөлісу- кәсіби тұрғыда шыңдала түсуіме көп ықпалын тигізді.

Келесі оқу жылында тың өзгерістер мен жаңашылдықтың жаршысы болатын І сынып ұстаздары бағдарлама мазмұны мен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдерін тәжірибелік тұрғыда меңгерді. Ықшам сабақтар көрсете отырып, сабақтарды жоспарлауды үйрендік. Сонымен қатар орта білімді жаңарту мазмұнына сәйкес оқушылардың бойына дарытатын коммуникативтік дағдылардың ерекшеліктерімен толық таныстық. Бастауыш білім беру мақсаты: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып, дамуына қолайлы білім ортасын қалай құруға болатындығы туралы пікірлерімізбен ой бөлісе отырып, оның мақсаттарын айқындадық. Әрбір білікті маман- білімді ұрпақтың негізі. Кәсіби біліктілігімізді шыңдай отырып, жаңалыққа, проблеманы қоя білуге және оны шешу жолдарын айқындауда теориялық білімді тәжірибемен байланыстыруда ізденімпаздыққа қол жеткіздік.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін ұйымдастырылған бұл курс мұғалімдердің кәсіби сауаттылығын жетілдіруге, төменгі класс оқушыларына лайықты мазмұн мен оқытудың әдісін саралайтын, оқыту үдерісіне жаңа технологияларды ендіру арқылы оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік жасайтын бастама дер едім.

Л.Н.Ауданбаева

№1 мектептің мұғалімі

Бұл бағдарлама бойынша бастауыш сыныпта сабақ жүргізуде қолданатын әдіс-тәсілдердің басым бөлігі қазіргі дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда зерттеуге негізделуімен ерекшеленеді.

Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп айтуға болады. Өйткені, жаңартылған бағдарлама бойынша оның әдіс-тәсілдерін тиімді қолданған жағдайда оқушылар оқу үдерісіне белсене араласады. Олар өздері ізденіп, өз бетімен білім алуға, алған білімдерін бағалауға, өздері ұсынған қорытындысын дәлелдеуге дағдыланады. Өздерінің алған білімдерінің қалай алынғанын талдай біледі, өмірде қолдана алады.

Жаңа бағдарлама бойынша оқушылармен жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау, бірлесіп жұмыс жасау, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дағдыландыруы-жаңартылған бағдарламаның басты ерекшелігі.

Г.А.Төлеуова,

№8 мектептің мұғалімі

Мұхтар Тайжан еліміздегі діни радикализмге жол ашқан 5 себепті атады

Танымал қоғам белсендісі Мұхтар Тайжан Қазақстандағы діни радикализмнің өршуіне жол берген басты себептерді атады. Бұл туралы ол Facebook парақшасында жазған деп хабарлайды NUR.KZ.

Діни радикализмнің себептері:

1. Білім жүйесіндегі 25 жыл бойғы үдемелі реформалар.
2. Пара беру экономикасы, сыбайлас жемқорлық, яғни, ағасы мен көкесі болмаса, жас адам өмірін жақсартпайды.
3. Әділеттілік түсінігінен мемлекеттің жоғары тұруы. Әділеттік жоқ. Барлық жерде алдап-арбау, ұрлап, қармау, жас адамды еш жерде, ешкім тыңдағысы келмейді. Оның баспана мәселесі шешілмейді, оған ешкім жұмыс бермейді.
4. Билік өз халқының мәселесін, бәрінен бұрын, кедейшілікті көрмейді. Оның орнына билік жалған форумдар және Астана күні сынды қымбат

маскарадтарда «шомылып» жүреді. Бұл - талғамы жоқ бояу, бутафория. Ал халық нақтысында қатты қиналып жүр.

5. Мемлекетте ұлттық идеология мүлдем жоқ. Біздің тіпті, өзіндік ақпараттық кеңістігіміз де жоқ. Ал ресейлік насихат — атыс-шабыс, өлтіру, балағаттау, автоматтар, тапанша... Міне, осы виртуалды шындық нақты өмірімізде көрініс тауып, ақиқатқа айналды.

Егер ешнәрсені өзгертпесек, онда бәрі енді басталады. Өйткені, олар подъезд жанында қарауылдай салатын оппозиционерлер емес немесе бейбіт тұрғындарды автобусқа бөгіп, тығындап әкете салатын жағдай емес. Шұғыл түрде экономикалық және ішкі саясатты өзгерту керек, жаңа адамдарды жұмысқа алыңыздар, халықпен байланысқа шығу үшін «шлюзды» ашыңыздар. Оларды тыңдап, нақты қорытынды жасаңыздар!», - деп жазады қоғам белсендісі.

Дереккөз: Nur.kz

• Дәстүрлі сайыс

ЖІГІТТЕРДІҢ ЖАРҚЫН ҚИМЫЛЫ

Қ. Ильясов



Облысқа белгілі спортшы, республикалық жарыстың жеңімпазы, марқұм Ильясов Қажымұқан Бердәулетұлын еске алуға арналған баскетболдан өткен облыстық турнирге Исатай ауданы, «Доссор», «Жылыой», «Құлсары», «Ақжол», «Ардагер» командалары қатысты. Басқосу беташарында қала әкімінің орынбасары Қ.Шарғабаев, жазушы Қ.Қалдыоразов, марқұмның бапкерлері Ж.Бисенов, Ж.Тілеуғожин, кластасы А.Кенжина және ағасы сөйлеп, сайысқа сәттілік тіледі. Өте тартысты өткен турнирдің соңғы сынына Исатай ауданы мен «Жылыой» командасы шықты. Көрермендердің зор қошеметімен өткен ақтық ойында Исатай ауданы командасы бір ұпаймен алға шығып, жеңімпаз атанды. 3 орынды «Доссор» командасы иеленді. Осымен екінші рет өтіп жатқан турнирді Қажымұқанның спортта бірге болған достары Қайрат Өміров, Жұмабай Молдашев, Қуаныш Төлеуов, Самат Жақыпов, Фарут Үмбетов, Мәлік Есқалиев, Бейсен Ербөлеков, Берік Ражанов, Жанболат Тәшенов және аудандық спорт бөлімі ұйымдастырды. Турнирдің жабылу салтанатында жүлдегер командаларды спорт бөлімі басшысы Абзал Бекенов, қала әкімінің орынбасары Қаржау Шарғабаев және Досмұқан Ильясовтар марапаттады. Сонымен қатар «ең үздік қорғаушы»-(«Ақжол»), «Ең үздік шабуылшы»-(«Доссор»), «Ең үздік үйлестіруші»-(Исатай ауданы), «Ең үздік ойыншы»-(Исатай) номинациялары бойынша Самат Жақыпов, Айгүл Ғаділқызы, Жақсан Бисенов және марқұмның баласы Нәби бағалы сыйлықпен марапатталды. Ұйымдастырушылар марқұмның бапкерлері Жақсан, Жолдас және Досмұқан ағаларға және Исатай командасы бапкеріне сыйлық табыстады. Қажымұқанның 5 ауылда бірге өскен ауылдастары атынан Қайрат Еңсепов, «Доссор» командасының ойыншысы Ербол Китенбаевқа ақшалай сыйлық ұсынды. Досмұқан аға әулет атынан жүлделі орын алған командаларға, ең үздік ойыншыға, Атыраулық төрешілерге және Гүлфара, Жанаргүлге бапкерлерге ақшалай сыйлық табыстады.

Осы турнирді ұйымдастырған марқұмның достары, демеушілік көрсеткен «Құлсарымұнайгаз» басқармасы кәсіподақ комитеті төрағасы Мәлік Орынғалиевке, Қосшағыл цехы ұжымына, «Айнұрбек» ЖШС Қосай, Таңатар Жастауовтарға зор алғыс айтамыз.

Еңбектерің табысты болсын!

Турнирдан соң марқұмның шаңырағында ас беріліп, құран бағышталды.

Асан ата Бегімбетов

• Біле жүр

КАСАТКА ҚАНДАЙ КИТ?

Касатка-кит тұқымдас теңіз сүт қоректісі. Ұзындығы он метр, салмағы 9 тоннаға дейін барады. Түсі ақ-қара, денесіндегі ірі дақтары жалпы дене көрінісін бөлшектеп тұрады. Кеуде жүзбе қанаттары биік, Арктикадан Антрактидаға дейін таралған. Тұқымын 16 ай көтереді. 35 жыл өмір сүреді. Қорегі шаяндар-басаяқтылар, былқылдақ денелілер. Сонымен бірге дельфиндер, итбалықтар, басқа да су, сүт қоректілерімен қоректенеді. Касатка дельфин сияқты адамның қолына үйренетін кит болып табылады. Алайда, табиғатта олардың адамға шабуылдайтын кезі жиі. Бұл «балықтың» құрбанына айналған адамдардың саны көп. Жалпы, киттер адамға қауіпті емес деп саналады. Алайда, оның екі түрі, соның ішінде касатканың адамды жеген кездері аз болмаған.

Дайындаған: Мұханбет Құсайынұлы,
«Жануарлар әлемі»



Руы Адай-Түрікмен-Тіней, ардақты әке, аяулы жар, немере-жиендерінің асыл атасы, қимас бауырымыз Бақтыбай тегі **УӘЛИҰЛЫ НҰРЛАННЫҢ** өмірден озғанына жыл толу қадесі 19 маусым күні сағат 10-да өтетінін барша

ағайын-тума, құда-жекжат, көршілерге, дос-жаранға, жұмыстастарына хабарлаймыз.

Бақтыбаевтар әулеті
Мекен-жайымыз: Шоқпартоғай, 306 үй 2 пәтер



Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып, бас сүйеген ағайын - тума, құда-жекжат, көршілерге, кластас-достарға, аудандық мәдениет және білім беру бөлімдеріне, өнер, 1-2 саз мектебіндегі ұжымдастарына отбасымыздың

атынан алғысымызды білдіре отырып, асқар таудай әке, асыл жар, қимас бауыр, абзал аға, руы Таз-Жастабан-Сүйірбас **ТАҢҚЫБАЕВ АЙТБАЙ САРЫҰЛЫНЫҢ** 40 күндік қадесі 18 маусым күні сағат 10-да болатынын ағайын-тума, құда-жекжат, көршілерге, құрдастарына, дос-жаранға хабарлаймыз.

Таңқыбаевтар әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары, Орталық аудан, 141 үй 8 пәтер («Ардагер» аялдмасы маңында)

Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып, басымызды сүйеген, қол ұшын берген ағайын-тума, құда-жекжат, көршілерге, дос-жаран және «Казтрансойл» мекемесі ұжымына әулетіміздің атынан рахметімізді айта отырып, руы Адай-Қосай-Тіней-Таңат, әкеміз

ҚАНАЛИЕВ ҚҰБАЙДОЛЛАНЫҢ

40 күндік қадесі 11 маусым күні сағат 10-да болатынын барша жамағатқа хабарлаймыз.

Балалары, Қаналиевтер әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары, 2 ауыл, 16 үй 2 пәтер



Көңіл айту

Абзал ана, байырғы кітапханашы **Қаламқас Бурабаеваның** қайтыс болуына орай марқұмның жанұясына, тума-туысқандарына қайғырып көңіл айтамыз.

Оғис-Қамила

Белгілі күйші, № 1 саз мектебі директоры Әлімжан Әбілхановқа зайыбы

Қаламқас Бурабаеваның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айтамыз.
«Құлсары» газеті редакциясының ұжымы



Шара бар ма тағдырдың бұл ісіне?

Алсын дейміз ағайын, бәрі есіне.

Келіңіздер құда-жекжат, көрші-көлем

Әкеміздің 100 күн толу қадесіне.

Руы Шеркеш-Жауғашты - Андағұл, ардақты әке, асыл жар, сүйікті ата **ЖҰМАБАЕВ**

КӨБЕЙ СӘДУҰЛЫНЫҢ 100 күндік қадесі 12 маусым күні сағат 10-да болатынын ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілерге, дос-жарандарға және бізді білетін барша жамағатқа хабарлаймыз.

Балалары
Мекен-жайымыз: Құлсары, 6 ауыл, №9 үй

Руы Таз-Барак, ардақты әке, аяулы жар, немере-жиендерінің сүйікті атасы, қимас бауыр **ЕЛГЕЛДІҰЛЫ ДӘУІТОВ ТАЛҒАТТЫҢ** жыл толу қадесі 18 маусым күні сағат 11-де өтетінін хабарлаймыз.

Дәуітовтер әулеті



Өтетін орны: **Құлсары, 7 ауыл, «Аружан» банкет залы**



Әкенің асқар таудай орны бөлек, Сүйеніш, ұрпағына ол бір тірек.

Ойладық па жапырақ жайған шақта,

Ертерек құлайды деп алып терек.

Қылсын деп артын Алла қайырлы тек,

Сол сөзді біз сүйеніш етеміз көп. Рухыңды

қастерлейміз еске алып,

Жатқайсыз аруғыңмен желеп-жебеп.

Руы Таз-Мәмбетқұл, ардақты ұл, асыл жар, асқар таудай әке, қимас бауыр

ҚУАТОВ АСҚАР ЖОЛДЫБАЙҰЛЫНЫҢ

100 күн толу қадесі 12 маусым күні сағат 10-да болатынын барша жамағатқа хабарлаймыз.

Қуатовтар әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары, 7 ауыл, №103 үй (өз шаңырағы)

Руы Таз-Келдібай-Бекқұл Бекешұлы Тоқсан зайыбы, аяулы анамыз, руы Шеркеш-Қаракемпір

БӨПЕНҒАЛИҚЫЗЫ ҚАЛАМҚАСТЫҢ

40 күндік қадесі 18 маусым күні сағат 10-да болатынын ағайын-тума, құда-жекжат, көршілерге және бізді танитын барша жамағатқа хабарлаймыз.

Бекешевтер, Қойшымановтар әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары, 6 ауыл, №220 үй

Еске алу



Құрманғалиева Гүлшат



Сатыбалдиев Дүйсенбек

Алтын ұя мектеп қабырғасынан түлеп ұшқанымызға 30 жыл толуына орай өмірден ерте кеткен кластастарымыз

Құрманғалиева Гүлшатты, Сатыбалдиев Дүйсенбекті, Утеулиев Асқарды сағынышпен еске аламыз.

Жатқан жерлерің жарық, топырақтарың мамық болсын, жан достар!

Ортамызда достарымыз жетпейді, Жарқын жүздері мәңгі естен кетпейді.

Бір шаңырақтың иесі боп бұл күнде, Өмір сүрсе, ешбір артық етпейді.

Сағынамыз, сағынамыз әлі біз, Сол сағыныш-үзілмейтін нәріміз.

Рухтарына тағзым еттік артында, тірі жүрген жасымыз бен кәріміз.

Еске алушылар: А.П.Чехов атындағы мектепті 1986 жылы бітірген түлектер



Утеулиев Асқар

Руы Шеркеш-Қаракемпір
- Жанақ, аяулы анамыз,
асыл әжеміз

**БОРАНБАЕВА
АЙМАННЫҢ**

100 күндік қадесі
12 маусым сағат
10-да болатынын барша
жамағатқа хабарлаймыз

**Боранбаевтар әулеті
Мекен-жайымыз:
Құлсары,
"Барлаушылар"
ы/ауданы,
33 үй 3 пәтер**




Руы Таз-Асан-
Шарға, асқар таудай
әке, қимас бауыр

**КАРАБАЛИЕВ
СЕРІК**

ДӘУЛЕТҰЛЫ

дүниеден өтті.
7 күндік қадесі 11
маусым күні сағат
10-да болатынын
барша жамағатқа
хабарлаймыз.

**Карабалиевтер
әулеті
Мекен-жайымыз:
Құлсары, 7 ауыл,
№90 үй**



Мейірімді адам жоқ анамыздан,
Сіз кеткелі бір жыл болды
арамыздан.

Айыға алмай келеміз әлі күнге,
Жүректегі қайғылы жарамыздан.
Руы Ысық-Жақсыбай Қожабаев
Шәріп зайыбы

**МАҚҰЛҚЫЗЫ
ЖАМИЛАНЫҢ**

жыл толу қадесі 17 маусым күні
сағат 10-да болатынын ағайын-
тума, құда-жекжат, көршілерге
және бізді білетін барша
жамағатқа хабарлаймыз.

**Ұл-қыздары
Мекен-жайымыз: Құлсары,
Барлаушылар қалашығы,
99 үй 1 пәтер**



**Зайыбы, ұл-қыздары
Өтетін орны: Құлсары,
«Абылайхан» мейрамханасы**

Жан әке топырағың торқа
болсын,
Жатқан жерің жаннаттың
төрі болсын.
Иманың мәңгілікке
жолдас болып,
Аруағың ұрпағыңды
қолдап жүрсін.

Асқар таудай әкеміз, асыл
жар, қимас бауыр, сүйікті
ата

**ӨТКЕЛБАЙҰЛЫ
БЕРЕКЕТТІҢ**

40 күндік қадесі 19
маусым күні сағат 11-де
өтетінін барша ағайын-туыс,
құда-жекжат, көршілерге,
ұжымдастарға, дос-жаранға
хабарлаймыз.



КАРАҒҰЛДЫҢ 40 күндік қадесі 18 маусым күні сағат 10-да
болатынын ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілерге және барша
жамағатқа хабарлаймыз.

**Баспаевтар әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары, 4 ауыл, №230 үй**

Асыл ана аялаған
ардағым,
Өтіп жатыр тандар
атып, күндерім.
Құлазып та қалды
ойсырап орының,
Өзіңіз барда қамалдай
еді жан-жағым.
Қайткенде ана сүті
ақталады,
Өзіңізден өміріміз
басталады.
Анашым әр кездері
күлімдеген,
Нұр жүзіңіз жүректерде
сақталады.

Ұмытпайды ұлағатты ұрпағы,
Ең аяулы Ана деген есімді.

Аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі, руы Шеркеш-
Қосым-Жанғабыл **ҚАШАҚҚЫЗЫ АҚМОНШАҚТЫҢ**
жыл толу дұға дастарханы 26 маусым күні сағат 11-де
жайылатынын барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілерге,
ұжымдастарға, құрдастарға және бізді білетін барша жамағатқа
хабарлаймыз.




**Каракуловтар әулеті
Өтетін орны: Жаңа Қаратон,
«Ай-қала» мейрамханасы**

Руы Адай-Шегем-
Қоңыр, ардақты ұл,
асқар таудай әке, асыл
жар, қимас бауыр,
сүйікті ата

**СҮЙЕШОВ СЕРІК
РАХЫМҰЛЫНЫҢ**

100 күндік қадесі 25
маусым күні сағат 10-да
болатынын бізді білетін
барша жамағатқа
хабарлаймыз.

**Сүйешовтер әулеті
Мекен-жайымыз:
Шоқпартоғай, №86
үй**



Руы Ысық-Майдан, ата-
ананың сүйікті ұлы, ардақты
әке, қимас бауыр, асыл
жар Құрамыс немересі
**ДІҢҒУАТҰЛЫ ЕГДИРОВ
ҚАЙЫРЖАННЫҢ**
7 күндік қадесі 14 маусым күні
сағат 10-да болатынын барша
жамағатқа хабарлаймыз.

**Құрамыс әулеті
Мекен-жайымыз:
Құлсары, 1 ауыл,
Нысанбаев көшесі, 12 үй**



Нұрлы жүзің жарқырайды
сенің-ау,
Сағынамыз суретінді көріп-
ау.

Ең соңғы рет тілдесе алмай
қалдық қой,
Неткен қысқа еді сірә, өмір-
ау?

Бір жыл болды, бізге
оралып келмедің,
Мейірленіп біздерді бір
сүймедің.

Қиындықты біздер бұрын
көрмеген,
Сағыныштан жүрек тулап
алқынды,
Жылағаннан көз жасымыз
сарқылды.

Қайран ана кеттің-ау, сен

арманда,

Біз жыладық сенсіз мәңгі қалғанда.

Сағынармыз, әлі талай іздерміз,

Бұл өмірде сізге жетер жан бар ма?

Шаңырағымызға түскен ауыр қайғымызды бөлісіп, бас сүйеп,
көңілімізге тірек болған ағайын-тума, құда-жекжат, көршілерге,
әкеміздің, анамыздың құрдастарына ризашылығымызды білдіре
отырып, руы Адай-Баубек Қосжанов Жұмаберген зайыбы, ардақты
ана, асыл әже, аяулы жар, руы Адай-Қаржау **ТАУЖАНҚЫЗЫ
СЫРЛЫБАЕВА МАРИЯНЫҢ** жыл толу дұға дастарханы
17 маусым күні сағат 11-де жайылатынын барша жамағатқа
хабарлаймыз.

**Қосжановтар әулеті
Мекен-жайымыз:
Құлсары, «ДСУ-7», 7 ауыл, 156-2**

Жылаған жүрек, өшпеген сезім,
сендірдің бірақ келместі,
Бейнеңде сенің, үнінде сенің, өзіңмен
бірге мәңгі өшті.

Өртеніп, күйіп жатсақ та жылап,
келмеске кетті-ау жанашыр,
Қызыңнан көрсек өзіндей адал, тап-
таза биік белесті.

Бауырды қолдап, биіктен қорғап,
тұрғыздың бәрін аяққа,
Барыңды салдың, жаныңды салдың
бауырдан өскен тұяққа.

Біздерге енді жанашыр қайда,
ақылшы қайда дем берер?!

Дертінді тіптен білдірмей кеттің,
ешкімге салмай салмақты.

Өшпейді мәңгі бауырлар барда
өзіндей жанның шырағы,
Арнаймыз жиі өзіңе арнап, бағыштап
құран, дұғаны.

Пейіште мәңгі жұмақтың төрі орының
болсын жан бауыр,
Өзіндей бірақ кім бізге енді шын
бүйірін бұрады.

Жолымнан тосар, бір басын қосар,
құйылмас енді күрең шай,
Мекенің сенің, төрт қабырғаң
жаныма батты-ау мәңгі жай.

Амалым қанша, қимастан кеттің
баршаға салдың жараны,
Бір туған бауыр, қайырылмай кетсе,
өмірдің осы қиыны-ай...

Шаңырағымызға түскен қайғымызды
бөлісіп, бас сүйеп, көңілімізге тірек
болған ағайын-тума, құда-жекжат,
көршілерге, дос-жарандарға, нағашы-
жиен, бөлелерге, ұжымдастарға,
отбасымыздың атынан алғысымызды
білдіре отырып, руы Таз-Жастабан-
Тілес, асыл апамыз, аяулы ана

**АЙТЖАНОВА ЗОЯ
САТЖАНҚЫЗЫНЫҢ**

40 күндік дұға дастарханы 11
маусым күні сағат 10-да жайылатынын
хабарлаймыз. (Ораза ұстаушыларға
кешке дастархан жайылады.)

**Айтжановтар әулеті
Мекен-жайымыз: Құлсары,
Солтүстік Аэропорт, №204 «а» үй
(«Набат» дүкеніне қарсы ұзын
көшеде)**

«ТБ» Абсолют-Сервис» ЖШС-і базасында **қызыл кірпіш** сатылады. (Полуторный М-150, размер 250x120x88мм). Бағасы 110 теңге.

Тел: 8(71237) 5-77-33

Астраханнан келген тәжірибелі гинеколог, кардиолог, терапевт, ЭКГ және барлық УЗИ, жүрек УЗИ, нейросонография, озонотерапия мен сүлік салу, доплерография бойынша ем-дом жүргізеді.

+7777926373, +77025461692, +77759193432, +77073557973

Жұмысқа шақырады

«Беркад» базарының қасында орналасқан азық-түлік дүкеніне тәжірибелі дүкенші керек. **87022022569**

Жалға беріледі

«Беркад» базарында жұмыс жасап тұрған асхана барлық құрал-жабдықтарымен бірге жалға беріледі. **5-44-07, 87014139523**

Құттықтау, мерейжас, еске алу, қадеге шақыруға арналған өлең жазамын. **87776282612**

Құлпытас

Заманауи жабдықтары бар құлпытас жасайтын шеберхана ашылды. Әртүрлі көлемде тапсырыс қабылдаймыз.

4-61-00, 87755453220

Құлпытасқа (гранит-Украина) тапсырыс қабылдаймын. Нержавейка айшықтар бар. **5-06-90, 87018110123, Жандос**

«ПАРАСАТ» балалардың білімін жетілдіру орталығында Ақтөбе қаласынан келген логопед өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, «1 сыныпқа дайындық» топтарына жазылу жүргізілуде. **87029533974, 53192**

Сатып аламын

Бұзылған, соғылған және жүріп тұрған автокөліктер сатып аламын. **87013023541, 87017366041**

Қара темір, түсті металл, аккумулятор, сиыр және жылқы терісі, БК кондиционер, ешкі және түйе жүні, қара полиэтилен тұрба қалдықтарын қабылдаймыз. **87021474047, 87013337966**

ӘРТҮРЛІ

Жергілікті (местный) топырақ, щепень, ПГС сатылады. **87789353905**

Буаз қашар сатылады. **87022423458**

Ешкі сүті сатылады. **87028468555**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ «Геолог» мәдениет үйі

Астана қаласында өткен «Фиесталония Казахстан» халықаралық байқауының I орын иегері, облыстық «Әжелер ән салады» байқауының Бас жүлдегері, Санкт-Петербург қаласында өткен «Северное бельканто» байқауының I дәрежелі дипломаты «Асыл әжелер» Халықтық ән ансамблі және «Геолог» мәдениет үйі көркемөнерпаздарының «Сәлем саған, Ұлы дала - ата жұрт!» атты концертін тамашалауға шақырамыз!

Өтетін уақыты: 15.06.2016ж. сағат 19:00.

Өтетін жері: Құлсары қаласы, «Кең Жылыой» Мәдениет үйі

Билет құны: 1000 теңге.

Қара темір, түсті металл, аккумулятор, сиыр және жылқы терісі, БК кондиционер, ешкі және түйе жүні, қара полиэтилен тұрба қалдықтарын қабылдаймыз. Қала бойынша алып кету тегін. **87017032330, 87786406040**

Үй-Пәтерлер

Солтүстік Аэропорттан сарай гаражымен- көлемі 20x10 ш.м. Барлық жағдайы жасалған. Құрылыс материалдары және үй салатын орын бар. Бағасы 13 млн теңге, келісеміз.

87018337282, 20431

1 ылаудандағы 13 үйдің 1 қабатынан 3 бөлмелі пәтер. Жөндеуден өткен, ыстық-салқын суы жүріп тұр. Барлық жағдайы жасалған. Бағасы 4 млн 500 мың теңге.

20604, 87013087050

1 микрорайон дом 34, 1 этаж 2 комнатная. Котел, аристон, счетчики, интернет, сзаци парк «Достық», рядом детсад, школа, райполиклиника. Можно под офис. Цена договорная.

40346, 87025877260, 87712092173

Қосшағылдан 5 бөлмелі үй сатылады немесе Құлсарыдағы ықшамаудандардан пәтерге ауыстырамын. Бағасы келісім бойынша. **4-77-24, 87026499624**

Макаренко мектебінің қасынан жақсы жағдайдағы 1 бөлмелі пәтер. **5-15-24, 87785699368**

1 және 3 ықшам аудандардан 2 қабаттан 2 бөлмелі пәтерлер және Жаңа Қаратоннан 2 бөлмелі үй сатылады. Жақсы жағдайда. **87015852939**

Аэропорттан (10x10) барлық жағдайымен шағын үй. Жолдың бойы. 1 маршрут жүреді. Үлкен үй салатын орын бар.

87756891574

Срочно продается в мкр.ПНГС 4-х комнатная квартира со всеми удобствами и частично меблирование. **87027427442**

Продается 3-х комнатная квартира в 2 мкр 43 дом. Котел, сплитсистема, пластиковые окна, не угловая, сквозная. Цена 5.500.000тг. **87785228821, 87026460369**

Тез арада орталықтан барлық жағдайы, жеміс-жидегі бар қазақ үй сатылады. **45465, 87016252197, 87713415855**

Заңгерлік қызмет көрсетемін

Азаматтық істер, алимент, жұмыстан қысқартылу, еңбек даулары, банктік несие, жаңа үлгідегі еңбек шартын, талап, арыз, шағым дайындап беру, істерді жүргізу, жалпылама түрде ақылы кеңес (консультация) беру. Аптаның барлық күні демалыссыз қызмет! **87750289546**

Құрметті келіншектер, болашақ аналар!

Жүкті әйелдерге арнайы тігілген түрлі үлгідегі киім түрлерін 10% жеңілдікпен ұсынудамыз. Асығыңыз!

«Беркад» базары қақпасынан кіргенде сол жақ беттен 1 есік, 3 қабат, №45 бутик

Компания ТОО «Умирзак-Сервис» требуется на работу ниже следующие специалисты:

1. Повар со стажем не менее 5 лет-2 человек
2. Технолог со стажем -1 человек
3. Мед.работник со стажем -1 человек
4. Инженер-строитель (проектировщик, владеющий программой AUTOCAD)

Желающие просим обратиться в офис ТОО «Умирзак-Сервис» по адресу: г.Кульсары, мкр. Аэропорт, ул.Н.Аязбаева 44, в отдел кадр.

Тел: 2-03-56, 8 777 775 04 14, 8 777 775 04 21

«МАНАН» МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

• 2 санатты дәрігер неврологтың ересек адамдар үшін кеңесі-Э.Е.Айтуова

• 2 санатты дәрігер неврологтың балалар үшін кеңесі-Ж.М.Кадирова, Атырау қаласынан

• 1 санатты дәрігер кардиологтың кеңесі-А.С.Каримова

-Электрокардиография (ЭКГ)

-электроэнцефалография (ЭЭГ)

-иглорефлексотерапия (иниен емдеу)

-гиродотерапия (сүлікпен емдеу)

-фитотерапия (кедровая бочка)

Апта сайын II санатты дәрігер, балалар неврологы Ж.М.Кадирова келетінін қаперге береміз.

Алдын-ала тіркелу қажет.

87021777282

Лиц. №00762 DR, 29.05.2015ж.

Жарамсыз деп танылсын

Мусиева Әминаның атына берілген Амангелді атындағы орта мектепті бітіргені туралы кәметтік аттестаты (А №556613) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

“НефтеСтройСервис ЛТД” ЖШС-не қарасты “Камаз-53228” автокөлігінің Е 198 BR мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Есенбаев Кайырбек Амандосовичтің иелігіндегі «Lada-21715169-33» автокөлігінің 367 DVA 06 (1 дана) мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ауыстырамын

21.02.2014 жылы туылған ұлымды «Әсем» (3 ылаудан) ясли балабақшасынан «Еркем-ай» (1 ылаудан) балабақшасына ауыстырамын. **87024009087, 57643, 50137, Динара**

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕМІЗ!

Электрик электромонтаж жұмыстарына және сплитсистема, кондиционер қондыруға тапсырыс қабылдайды. **87022763788, 87785329120**

Ішкі және сыртқы құрылыс жұмыстарын тез әрі сапалы атқарамыз. Өзбек бригадасы. **87760662152, 87783552555**

ЖЕР ТЕЛІМІ

ПНГС ылауданынан бизнеске арналған көлемі 1870 м2 жер. Барлық құжаттары дайын. Бағасы 8 млн теңге, келісеміз.

87013897316, 87018337282

«Бақай» мейрамханасының қатарынан, жолдың бойынан дүкен салуға арналған 9x12ш.м. жер телімі. Су, газ, ток жүйелері келіп тұр. **87718162018, 53175**

Оңтүстік Аэропорттан 25x40ш.м жер сатылады. Қорасы, құдығы, бау-бақшасы бар. **87022423458**

МАИ-дың (ГАИ) батыс бетіндегі асфальттің бойынан дүкенге немесе офиске арналған жер. Бағасы келісім бойынша. **87018413761**

ҚҰЛСАРЫ
Облысаралық апталық газет

Меншік иесі және бас редактор
Әбдіхалық Жәңкейұлы Сисенбердиев

e-mail:
sisenberdiev@mail.ru

Тілшілер қосыны:

Ақтөбе - **Есентүгел Әзи**
Орал - **Мұкарима Қуанышқызы**
Атырау - **Ляззат Қаражанова**
Құлсары - **Мұхамбетқали Жакашев**
Ақкіізтоғай - **Қобылан Құдасбеков**
Бейнеу - **Жауғашты Нәренбайұлы**
Жаңа Қаратон - **Ербол Бисекенов**

Шоқпартоғай - **Дүйсенбек Бөкенов**
Тұрғызба - **Құлбек Сартаев**
Доссор - **Қуат Мыңтұрғанов**
Майкөмген - **Жәкенқажы Еркінбаев**
Қосшағыл - **Теңелқажы Айдарбекұлы**
Теңіз кеніші - **Есқабыл Жанаев**
Боранқұл - **Қорғанбай Төлебаев**

Байғанин - **Аманғали Жалдыбекұлы**

Мекен-жайымыз: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 4 ауыл, 184 үй.

Тел./факс: **5-32-59, 4-03-21, +7 701 841 37 61, + 7 701 833 67 61**

Индексі 65592, Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігінде 12.06.2015 жылы қайта тіркеуден өтіп, №15419-Г куәлігі берілді.

Газет Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарына таралады.

Газет «Құлсарының» компьютер бөлімінде теріліп, беттелді. Газет «Ақ Жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Атырау, Б. Жарбосынов көшесі, 5 үй

«Құлсары» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.